

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАНДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2014 ж. «07» 03 өткізінді
№ 4073-1910-04-УЕ куәлік

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

«07» 03 2014 г.
свидетельство № 4073-1910-04-УЕ
БСН/БИН 140340007580

Құрылтайшының шешімімен
БЕКІТІЛДІ
Алматы қаласы
"02" 11
екі мың жиырма бірінші жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

2021 ж. «05» 11

2791

05 11 2021

«Kids Club - Детский клуб» мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Kids Club - Детский клуб» мекемесі, осыдан әрі «Мекеме» Қазақстан Республикасының Конституциясы, 27.12.1994 ж. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлімі), "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 Заңы, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы, және басқа да нормативтік құқықтық актілері негізінде құрылған және осы Жарғыға сәйкес жұмыс істейді.

1.2. Мекеме зерттеушілік, ақпараттық, басқару, әлеуметтік-мәдени немесе басқа коммерциялық емес түрдің қызметін іске асыру үшін құрылтайшымен қаржыландырылатын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.3. Мекеменің аталуы:

- қазақ тілінде: **«Kids Club - Детский клуб» мекемесі;**
- орыс тілінде: **Учреждение «Kids Club - Детский клуб».**

1.4. Мекеменің мекен-жайы:

1. **Қазақстан Республикасы, А10НБТ9, Алматы қ., Әуезов ауданы, Ветеран бағбандық серіктестігі, 5 үй.**

1.5. Мекеме шектелмеген мерзімге құрылады.

2. ЗАНДЫЛЫҚ СТАТУСЫ

2.1. Мекеме Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банкіде есеп-шоты және басқа да шоттары, қазақ және орыс тілдерінде өз аты-жөні көрсетілген мөрі, штампы, эмблемасы, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері бар.

2.2. Мекеме өз міндеттемелері бойынша иелігіндегі ақшамен жауапкершілікте болады.

Қаржы жетіспеген жағдайда оның міндеті бойынша Мекеме иесі жауапкершілікте болады.

2.3. Мекеме осы Жарғыда айқындалған өзінің мақсаты мен міндетіне жету үшін, немесе өзінің қызметін іске асыру және мұнан әрі даму үшін:

- өзінің қызметі туралы хабарды таратуға, көпшілік ақпарат құралдарын құруға;
- өз атынан шарттар жасауға, мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын алуға және міндеттемелерін орындауға, сотта талапкер және жауапкер болуға;
- Қазақстан Республикасы аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктерде

белгіленген тәртіппен шоттар ашуға, белгіленген тәртіппен банктік және коммерциялық несиелер алуға және пайдалануға;

- Жеке және заңды тұлғалармен шарт бастамасы бойынша берілген және өзінің меншігіндегі ғимараттар, бөлмелер, оргтехника және басқа да мүліктерді пайдалануға;
- Басқа да заңды тұлғалардың құрылтайшылары немесе қатысушысы болуына, заңды тұлғалардың (ассоциация, одақтар, тағы басқа да), соның ішінде халықаралық қауымдастықтарына кіруге;
- Қазақстан Республикасының аумағында және де одан тыс жерлердегі елдің қолданылатын заңдарымен белгіленген тәртіппен өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға;
- Өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметімен айналысуға.

2.4. Мекеме Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарымен коммерциялық емес ұйымдар үшін көзделген барлық құқылары мен жеңілдіктерін пайдаланады

3. ОҚУ – ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ. ОҚУ ҮРДІСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ. ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

3.1. Мекеменің оқыту процесінің функциясы болып:

- мектепке дейінгі оқу бағдарламаларын меңгеру үшін тәрбиеленушілерге жағдай жасау;
- тәрбиеленушілердің интеллектуалдық және жеке дамуын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің психикалық және физикалық денсаулығын қорғау және нығайту;
- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен байланыста болу.

3.2. Мекеменің оқыту-тәрбиелеу процесінің мақсаты болып:

- өнегелік, интеллектуалдық, мәдени, физикалық даму табылады.

3.3. Мекеменің қызметінің мәні болып:

- мектепке дейін білім беру және тәрбиелеу қызметін көрсету;
- мәдени-ағартушылық қызмет;
- коллективтер арасында фестивальдар мен көрмелер, конкурстар мен байқаулар ұйымдастыру мен өткізу;
- Қазақстан Республикасының іскер ортасы мен одан тысқары жерлермен, шет елдер арасында тәрбие жұмысы саласы бойынша шетелдік инвесторлармен іскер байланыстар жүргізіп, оны оқу-тәрбие жұмыстарының жаңа бағдарламаларын дайындап, оны оқу-тәрбие процесстеріне өткізу.

3.4. Егер мекемеге құрылтай құжаттарына сай пайда әкелетін іс-әрекет көрсетілетін болса, онда іс-әрекет нәтижесіне түскен пайда және түскен пайда негізінде алынған мүлік мекеменің жеке иелегінде болады және оның жеке балансында еспете тұрады.

Мекеменің кәсіпкерлік қызметінің табыстары құрылтайшының арасында таратыла алмайды және жарғылық мақсаттарына бағытталады.

3.5. Мекеме қызметінің мақсаты мен түрлері оның барлық құрылтайшының келісуімен өзгертіледі немесе толықтырылады.

3.6. Мекемеде, адамның жалпы мәдениетін қалыптастыру, адамның қоғамда өмір сүруіне үйрену мақсаттарын шешуге бағытталған, жалпы білім беретін бағдарламалар, (негізгі басты және қосымша) таратуға жатады. Негізгі жалпы білім

беретін бағдарламаларға сәкес келетін білім берудің мемлекеттік және халықаралық деңгейлердің негізінде дайындалады. Қосымша білім беретін бағдарламалар азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің білім алудан және мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатымен заңға сәйкес іске асырылады.

4. МЕКЕМЕГЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Құрылтайшының шешімімен Мекеменің ата-аналардың өтініші бойынша, тәуліктік және күндізгі жұмыс істеу кестесі белгіленген.

4.2. Ақылы білім беру қызметін іске асыратын Мекеме пен оның тәрбиеленушісі немесе ата-анасы немесе оның заңды өкілі арасындағы қарым-қатынас білім деңгейін, оқу мерзімін, ақы көлемін және басқа да жағдайларды анықтайтын келісім арқылы жасалынады. Бұл орайда мемлекетпен белгіленген жалпыға бірдей міндетті мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылған талап-тілектер, оқыту мен сауықтыру және басқа да қызметтер сапасына қысқарту немесе кемітуге қатаң түрде тиым салынады.

4.3. Мекемеге балаларды қабылдау (Мекемеге қабылдау үшін берілетін өтініш, жарнама немесе басқада рәсімдеу қағаздарының тәртібі) тәртібі құрылтайшымен белгіленеді.

4.4. Баланы Мекемеге қабылдау құрылтайшының жолдамасы бойынша, баланың даму тарихының көшірмесі мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет орындарынан баланың эпидемиологиялық жағдайын көрсететін анықтама қағаз арқылы Директормен жүргізіледі.

4.5. Мекемедегі бала орны баланың ата-анасы немесе оның заңды өкілі мен құрылтайшы арасында келісілген келісім шартқа сай сақталынады.

4.6. Баланы Мекемеден шығару баланың ата-анасы немесе оның заңды өкілі мен құрылтайшы арасында келісілген келісім шартқа сай немесе баланың Мекемеде қалуына қайшы келетін бала денсаулығы туралы берілген медициналық анықтама негізінде жүргізіледі.

Баланы Мекемеден шығару жөніндегі шешім оның ата-анасына немесе заңды өкіліне Мекемеден шығаруға 10 күн қалғанға дейін белгілі болуы керек.

4.7. Мекемеге созылмалы ауруымен немесе жұқпалы аурумен, ішек құбылыстарының ауыр түрдегі ауруымен ауырған және ақыл-есі кеміс балалардан басқа жасы бір мен жеті жас аралығындағы балалар қабылданады.

4.8. Мекемедегі топтар жас деңгейінің біркелкілігіне байланысты және әр түрлі жастағы балалар тобы болып та қалыптасуы мүмкін.

4.9. Мекемедегі топтың толуы 3 жасқа дейін 20 балаға дейін, 3 жастан әрі 25 баладан көп болмауы керек.

4.10. Мекемеге балаларды қабылдау Мекемедегі бос орындарға байланысты жыл бойына ұзақ мерзімге немесе уақытша жүргізіледі.

Мекемеде балаларды тәрбиелеуге төленетін ақы келісім шартқа сай жүргізіледі.

4.11. Мекемедегі оқу тәрбие жұмыстары мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбие беру жөніндегі жалпы міндетті мемлекеттік стандарт бойынша жасалынған бағдарламалар мен оқу жоспарларының негізінде Мекеменің нақты Жарғысы бойынша анықталады.

4.12. Мекеме оқыту-тәрбие жұмыстарының тиімді болуы үшін (баланың творчестволық, рухани және дене құрылысының дұрыс қалыптасуы үшін, жеке адам болып қалыптасудағы салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін) ұстаздарға

Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық органдармен бекітілген альтернативті авторлық бағдарламаларды, оқыту мен дене шынықтыру, тәрби жөніндегі жаңа технологияларды енгізуге рұқсат етеді.

4.13. Мекеме тәрбиеленушілерінің білім алу тәртібі мен оқыту мерзімінің ұзақтығы мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбие беру жөніндегі жалпы міндет мемлекеттік стандарт бойынша жасалынған ережелер негізінде Мекемемен бекітілі беріледі. Оқу кестесі балалардың демалыс уақытының қажетті ұзақтығын белгіле отырып, қойылады.

4.14. Оқу-тәрбие беру процесінің негізі қатысушылары болып, балалар, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері мен ұстаздар саналады.

4.15. Мекемедегі әр бір балаға:

- оның ден саулығы мен өмірін сақтауға;
- оның намысын қорғауға;
- физикалық, моральды және психикалық зорлықтың барлық түрінен қорғауға;
- мектеп жасына дейінгі оқыту және тәрбие берудің мемлекеттік стандартына сай баланың творчестволық дамуына;
- мектеп алдындағы сапалы дайындық беруге;
- даму барысындағы бірқатар кемшіліктерді жоюға;
- балалардың игеру қабілеті мен талабына және ден саулығына орай қосымша білім мен сауықтыру қызметтерін өткізуге кепілдік береді.

4.16. Мекемеде оқыту топтар бойынша жүргізіледі.

4.17. Мекемеге қабылдау мен білім беру келесі жағдайда жүргізіледі:

- ҚР Білім және Ғылым беру Министрлігімен жыл сайын бекітілетін қабылдау ережесі негізінде;
- министрліктермен, кәсіпорындармен, мекемелермен және басқа да заңды тұлғалармен білім беруге шыққан шығынды толық өтеу жөніндегі келісім-шарт негізінде;
- жеке тұлғалармен білім беруге шыққан шығынды толық өтеу жөнінде келісім шарт негізінде;
- шет елдік жеке және заңды тұлғалармен оқытуға шыққан шығынды толық өтеу жөніндегі келісім шарт жасау негізінде;

4.18 Тәрбиеленуші қажетті келісімдерге қол қойған сәттен кейін, ақысы төленгеннен соң қабылданады.

4.19. Білім беру процесінің (жүйесінің) нормативті мерізімі білім беру стандартына сай анықталады.

4.20. Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген тәртіпке сай Мекеме қосымша ақылы қызметтер көрсетеді.

Қосымша ақылы білім беру тәртібі мен саны тәрбиеленуші өкілі мен Мекеме арасындағы келісілген келісім шартта көрсетіледі.

Қосымша ақылы білім беру қызметі оқушының білім алу уақытына кедергі келтірмеуі керек.

Қосымша ақылы қызмет көрсетуге Мекеменің жағдайы келмеген жағдайда Мекеме тәрбиеленушілерге қосымша ақылы білім беру үшін басқа ұйымдар мен мекемелермен келісім шартқа отыруға құқылы.

Мекеме төмендегі ақылы білім беру қызметтерін ұсына алады:

- спорт секциялары;

- тіл оқыту курстары;
- компьютерлік курстар;
- шектеулі ден саулығы бар оқушылармен сауықтыру топтарын құру;
- психолог және логопед жұмыстары;
- хореография;
- Қазақстан Республикасының заң талаптарына сай осы Құрылтай шартында көрсетілген басқа да қосымша ақылы білім беру қызметтері.

4.21. Ағымдағы тексерулер жүйесі, баланың дамуы мен білім алуын түзету жұмысына арналған тексеру диагностикалық жақтары, ойын кезінде, балалардың еңбек істерін бақылаулары арқылы, әңгімелесу және тестілер арқылы, сонымен қоса балалар жұмысын талдау арқылы жүргізіледі.

5. ОҚЫТУ – ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Мекеме тәрбиеленушінің міндеті мен құқы Қазақстан Республикасы Білім беру туралы заңынан осы Жарғымен және басқа да нормативтік актілерге сай анықталады.

5.2. Ата - аналар немесе оларды алмастыра алатын тұлғалар төменде көрсетілген құқықтарға ие:

- оқу процесі, бағдарламалары, мұғалімдердің квалификациясы мен олардың сабақ үйрету деңгейі жөнінде Мекемеден кез – келген мәлімет алуға;
- қажеттілік туған жағдайда ұйымдастырушылық қызметке араласуға;
- ұсыныстар енгізуге.

5.3. Ата – аналар немесе оларды алмастыра алатын тұлғалардың міндеттері:

• балалардың өмір сүруі үшін салауатты және қауіпсіз жағдайларды жасау, олардың интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерінің дамуын, өнегелілік қалыптасуын қамтамасыз ету;

- балалардың Мекемеге келуін қамтамасыз ету;
- ағымдағы айдың оныншы күнтізбелік күніне дейін балаларды күтіп – ұстаған үшін Мекемеге уақытылы төлемақылар енгізу.

5.4. Серіктестік педагогтары келесі құқықтарға ие:

- кәсіптік қызметін қамтамасыз етуге;
- мемлекеттік жалпы міндетті стандарт сақталған жағдайда оқыту - педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- өзінің кәсіптік абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға.

5.5. Мекеменің тәрбиелеушісі және өзге де педагогтардың келесідей міндеттері бар:

• салауатты өмір сүруді үйрете отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге;

• тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттілігін анықтау және дамытуға;

- өзінің білімін жоғарылатуға;
- тәрбиеленушілердің ар – намысын құрметтеуге;
- салауатты өмір сүруге және ол жөнінде тәрбиеленушілер мен олардың ата – аналарының арасында насихаттауға;

• тәрбиеленушілерге білім беру мен тәрбиелеуді жоғары кәсіби дәрежеде жүргізу;

- педагогикалық әдептілікті, жарғы талаптарын және ішкі ережелерге сәйкес тәртіпті сақтауға.

5.7. Қосымша оқыту және әкімшілік - шаруашылық қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері ішкі күн тәртібі ережесі мен лауазымдық нұсқаулармен реттеледі.

6. ҚҰРЫЛТАЙШЫ, ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

6.1. Мекеменің құрылтайшысы:

1. Қазақстан Республикасының азаматы

Мейрманова Меруерт Дамешевна

Жеке куәлік: № 038374675

ИНН 880710401214

Берілген орны: Қазақстан Республикасының ІІМ

Берілген күні: 14.08.2015-13.08.2025

Туған жылы: 10.07.1988

Туған жері: Алматы обл

Тіркеу: Алматы қ., Мамыр 4 ықшам ауд., 310 үй, 13 п

6.2. Құрылтайшы Мекемеге берілген мүлікке меншік құқығын сақтайды, немесе Мекеменің заң жүзіндегі тағдырын, оның қызметінің мазмұнын белгілеуге құқылы.

6.3. Құрылтайшы мүлікті қайтарып алуға, не өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында өз қалауы бойынша қайта бөлуге құқылы.

6.4. Құрылтайшы Мекеменің толық жарамды қызметіне келесі функцияларды орындауға:

- Мекемені әдеттегі жұмысын істеуі үшін барлық қажетті мүлікпен жабдықтауға;

- Мекеменің қызметіне, ол берген мүлікті тиімді пайдалану мен сақтауына жалпы бақылауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

6.6. Жаңа құрылтайшыны қабылдау құрылтайшыға жазбаша түрде арыз негізінде іске асады. Жаңа құрылтайшының кандидатурасы арыз түскен күннен бастап жиырма күн ішінде қаралады және Мекеменің жұмысын жақсартуда оның мүмкіндігін және Мекеменің негізгі мақсаты мен міндетін іске асырудағы ой пікірін қарастырады. қабылдау туралы шешімді құрылтайшы шығарады.

7. МЕКЕМЕНІҢ МҮЛКІ МЕН ҚАРАЖАТЫ

7.1. Мекеме өз қызметінің мақсатына, меншік иелерінің тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес құрылтайшыдан алған мүлікті пайдалану және оған билік етуді оралымды басқару құқығы негізінде іске асырады.

7.1. Мекеме құрылтайшы бекітіп берген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқығы жоқ.

7.3. Мекеме мүлкіне меншіктену құқығы Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарымен көзделген жағдайларда, белгілі ретте және жағдайда мұрагерлеріне берілуі мүмкін. Осы жағдайда Мекеме өзіне тиесілі мүлікке оралымды билік жүргізу құқығын сақтап қалады.

7.4. Құрылтайшы Мекеменің меншігіндегі мүліктерге иелік етеді.

7.5. Мекеме демеушілік көмек көрсетуге және демеушілік және басқа да міндеттер қабылдауға құқылы;

7.6. Мекеменің таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібі:

- Мекеме таратылған кезде несие берушілердің талаптарын

қанығтандырғаннан кейін қалған мүлкі Құрылтайшы иелігінде болады.

8. МЕКЕМЕНІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

8.1. Мекеменің жоғарғы органы болып Құрылтайшы табылады.

8.2. Құрылтайшының айрықша

құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- Мекеменің аталуын өзгерту, соның ішінде Жарғысына өзгерістер енгізу;
- атқарушы органың құрылуы мен кері шақыру, Мекеменің штаттық кестесін және құрылымын бекіту;
- Мекеменің қызметінің тәртібін айқындайтын ережелер мен басқа ішкі құжаттарын бекіту;
- Мекеменің жылдық қаржылық есебін, басқа есептер мен бухгалтерлік балансты бекіту;
- Мекемені қайта құру және тарату жөнінде шешім қабылдау, тарату балансын бекіту;
- филиалдар мен өкілдіктерді құру және тарату, олар туралы ережелерді бекіту;
- Мекеменің тексеру комиссиясын тағайындау;
- Мекеменің жаңа құрылтайшыларын қабылдау және шығу туралы шешім шығару;
- Мекеме басқа заңды тұлғаларды, басқа бірлестіктерді қауымдастықта құруына немесе олардың қызметіне қатысу туралы шешім шығару;
- Мекеменің филиалдары мен өкілдіктерінің, егер олар құрылатын болса, басшыларын сайлау және қайта сайлау;
- құпия түрдегі ақпаратты белгілеу.

8.3. Мекеме құрылтайшысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер оның атқарушы органның шешуіне беріле алмайды.

8.4. Құрылтайшы қызметіне жататын және атқарушы органының құзыретіне берілген басқа да түрлі мәселелер бойынша шешім шығаруға құқылы.

8.5. Мекеменің атқарушы органы 5 жыл мерзімге үшінші тұлғалар есебін. Мекеме құрылтайшысымен сайланатын және Мекеменің ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын Директоры болып табылады.

8.6. Директор Құрылтайшының ерекше құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселері бойынша міндетті, соның ішінде:

- үшінші тұлғалармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен қатынастарда Мекеменің атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды және оның мүдделерін көрсетеді;
- Мекеменің қызметіне оралымды басшылық жасайды және осы жарғыға сәйкес құрылтайшымен берілген шамалары бойынша оның мүлкіне билік етеді;
- құрылтайшының шешімдерін дайындау және орындауды ұйымдастырады және оның алдында олардың орындалуы жөнінде есеп береді;
- Құрылтайшыға жылдық қаржылық есеп береді;
- банкіде есеп және басқа да шоттар ашады;
- құрылтайшының алдында Мекеменің мүлкі мен басқа қаражаттардың қорғалысы туралы есеп береді;
- Мекеменің өкілі болу құқығына, соның ішінде қайта сенім арту құқығына

сәйкестіктер береді;

- Мекеменің атынан шарттар (контрактар) жасайды және олардың орындалуын қадағалайды;

- Мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындау туралы, оларды қызметтен алуы және босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақылардың және жеке үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақылар беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қадағалайды және тәртіптік жазалар қолданады;

- Мекеменің барлық қызметкерлерінің орындалуына міндетті басқа бұйрықтар мен қаулылар шығарады

- өз міндетінің шамасында басқа да функцияларды орындайды.

Мекеменің қызметіне қатысты құпия хабарды таратуға Директордың құқысы жоқ.

8.7. Директор өз тілегімен немесе құрылтайшының шешімімен мезгілінен бұрын қайта сайлануы мүмкін. Директор Құрылтайшының шешімімен:

- өзінің пайдасына немесе үшінші тұлғалар пайдасына теріс пайдаланушылық жасаған;

- құрылтайшының пайдасына қайшы келетін немесе Мекеменің мәртебесіне зиян келтірген әрекет жасаған;

- Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарымен көзделген басқа да жағдайларда қайта сайлануы мүмкін.

8.8. Директор Мекемеде еңбек қатынастарына байланысты барлық мәселелерін шешуге, қызметкерлерге еңбек ақы төлеудің жүйесін, түрі мен мөлшерін белгілеуге құқылы. Жұмыс тәртібі қолданылатын еңбек заңының талаптарына сәйкес Директордың билеуі бойынша белгіленеді.

8.9. Мекеменің лауазымды адамдары (Директоры, бас бухгалтері) Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметі үшін жауап береді.

9. ЕҢБЕКТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

9.1. Мекеме еңбек туралы келісім жасап қызметкерлерді жалдауға құқылы.

9.2. Мекеме мен қызметкерлердің арасындағы, Мекеме мен ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастардың түрі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жақтармен жасалған еңбек және шаруашылық шарттарымен анықталады.

9.3. Жұмыс тәртібі қолданылатын заңдарға сәйкес белгіленеді.

10. ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

10.1. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі және қаржылық есеп ұсынуы Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

10.2. Мекеме қызметінің қаржылық нәтижелері жылдық қаржылық есеп берулердің негізінде белгіленеді.

10.3. Директор жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын тексеруі және растауы үшін Мекеме немесе оның құрылтайшысымен мүліктік мүддесіне қатыспайтын тәуелсіз аудиторды тартуға мүмкін.

Аудиторлық тексеруі құрылтайшының талабымен жүргізіледі.

10.4. Мекеменің қаржылық жылы календарлық жылға дәл келмеуі мүмкін.

10.5. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепке алу мен есеп беруді жүргізу тәртібін сақтауға және дұрыстығы үшін жауапты болады.

11. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

11.1. Мекеменің қызметі қолданылатын заңдарға және осы жарғыға үйлесімділігін, есептердің дәлдігін бағалау жөніндегі міндетті ісі Құрылтайшының шешімімен тағайындалатын тексеру комиссиясына жүктеледі.

11.2. Тексеру комиссиясының мүшесі болып Мекеменің құрылтайшысы, заңды иеліктеріне сәйкес аудиторлік қызметпен айналыса алатын құқығы бар адамдар, қаржы және бухгалтерлік есеп саласында тәуелсіз сарапшылары бола алады.

Мекеменің директоры тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

11.3. Тексеру комиссиясы өткізілген тексерістер бойынша құрылтайшының қаруына және бекітуіне Мекеменің қаржылық жағдайы жөнінде есеп береді, не Мекеменің қызметі туралы және құрылтайшылармен ұсынылатын жобалар туралы қорытынды жасайды.

12. ЖАРҒЫҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТӘРТІБІ

12.1. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау Құрылтайшылармен жүзеге асырылады.

12.2. Мекеменің Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және қайта тіркеу алымсыз жүзеге асырылатыны жөнінде (мекен жайдың өзгеруі, филиал немесе өкілдік және т.б. ашу) хабарлауға міндетті. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Мекеме бұл жөнінде тіркеу орынадарын 1 ай мерзім ішінде хабардар етеді.

13. МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

13.1. Мекеменің қызметін тоқтатуы қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен:

- Құрылтайшының шешімімен;
- сот шешімі бойынша жүргізіледі.

13.2. Қайта ұйымдастырылған (біріктіру, қосу, бөліп, бөліп шығу) кезеңде Мекеменің мирасқорын Құрылтайшы анықтайды.

13.3. Мекеменің таратылуы кезінде Құрылтайшы тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес таратудың тәртібі мен мерзімі анықталады. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған Мекеменің мүлкін және істерін басқару уәкілдігі беріледі.

13.4. Мекеменің таратылуы қолданылатын заңдармен көзделген тәртібі бойынша Мекемені тіркеген органымен жүзеге асырылады.

13.5. Мекеменің таратылуы аяқталды, ал Мекеме өзі қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін енгізілгеннен кейін есептеледі.

Құрылтайшы:

Мейрманова Меруерт Дамешевна

